

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Алға ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
педагогтерді аттестаттаудан өткізу комиссиясының кеңес отырысының
хаттамасынан көшірме**

Алға қаласы

08 шілде 2024 жыл

Қатысқан педагогтер : 7

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Біліктілігін арттыруға үміткер педагог қызметкердің жұмыстарына талдау жасау.

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Б.Бердібаева күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алып, «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылы 11 мамырдағы №190 бұйрығына (Қазақстан республикасының әділет министрлігінің 2020 жылғы 12 мамырда №20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканың сақтау мәселесі бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатына үміткер №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының музыка жетекшісі Жеткерген Сымбат Әділбекқызының «Е-портфолио» базасының жүктейтін қызмет талдауларының реттілігін тексере отырып, балабақшаның педагог қызметкерлеріне таныстырып өтті. Жеткерген Сымбат Әділбекқызы жоғары білімді. 2014 жылы Ақтөбе гуманитарлық колледжін және жоғарғы оқу орнын 2019 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Мемлекеттік университетінде аяқтаған білікті маман. Еңбек өтілін балабақшада музыка жетекшісі болып бастаған. Жалпы педагогикалық еңбек өтілі 9 жыл. 2023 жылы «Музыка пәні мұғалімдерінің кәсіби күзиреттіліктерін дамыту» тақырыбында «Өрлеу» біліктілік арттыру орталығында 80 сағаттық базалық курсын, 2024 жылы «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында «Өрлеу» біліктілік арттыру орталығында 72 сағаттық базалық курсын аяқтады. Аталған музыка жетекшісінің және тәрбиеленушілерінің аудан, облыс және республика көлемінде жетістіктері бар. 2021-2024 жылдары «Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығынан», аудан, облыс көлемінен алғыс хат, диплом, сертификаттары бар. 2024 жылы «Өрлеу» біліктілік арттыру орталығы ұйымдастыруымен өткен «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психикасының даму заңдылықтары» тақырыбында 8 сағаттық семинар практикумынан өткен. 2023 жылы «Өрлеу» біліктілік арттыру орталығы ұйымдастыруымен өткен «Музыка сабағы-музыкалық білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі формасы» атты Республикалық 8 сағаттық семинар практикумын аяқтады. 2023 жылы «Тағылым» республикалық ғылыми-әдістемелік журналына «Балабақшада, ерекше білімді қажет ететін балалармен ән сабағы» тақырыбында мақаласы жіберілді. 2022 жылы «Самғау» республикалық ғылыми-

әдістемелік журналына «Ғажайып күн шуағы» тақырыбында мақала жолдады. 2022 жылы «Самғау» республикалық ғылыми-әдістемелік журналына мақала жариялағаны үшін сертификат иеленді. 2021 жылы «Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы» «Білім- елдің тұрақты дамуының кепілі» Педагогтердің облыстық тамыз кеңесі-2021 журналына «Ойын арқылы баланың тілін дамыту» тақырыбында мақаласын жариялады. 2024 жылы Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы ұйымдастырған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың педагогтері арасында өткен облыстық олимпиадасынан Алғыс хат иеленген. Мектепке дейінгі білім беру мекемелі арасында өткен «Тіл болашағы-балабақшада» атты аудандық байқауында тәрбиеленушілерді дайындауда, кәсіби шеберлік танытқаны үшін дипломмен марапатталды. 2022 жылы балалар жылы аясында ұйымдастырылған «Тіл болашағы-балабақшада» атты аудандық байқауында III-дәрежелі дипломмен марапатталды. 2022 жылы Алға аудандық білім бөлімінен құрмет грамотасымен марапатталды. 2024 жылы «Мектепке дейінгі ұйым балаларына арналған музыкалық – дидактикалық ойындар жинағы» әдістемелік құралы жарық көрді.

Тәрбиеленушілері 2024 жылы «Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми тәжірибелік қосымша білім беру орталығы ұйымдастыруымен өткен «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» тақырыбындағы республикалық байқауының аудандық кезеңінен «Бүлдірген» ортаңғы топ тәрбиеленушісі Самат Шахназар жүлделі I-орынды иеленді. 2024 жылы «Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми тәжірибелік қосымша білім беру орталығы ұйымдастыруымен өткен «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» тақырыбындағы республикалық байқауының облыстық көлемінде Мақтау қағазын иеленді. «Менің елім-бақытты балалық шағым» атты республикалық би байқауының аудандық кезеңінен «Айгөлек» би ансамблі жүлделі II-орынмен марапатталды. 2024 жылы «Өнеріміз саған - Қазақстан» республикалық байқауының аудандық кезеңінен «Үздік би композициясы» бойынша «Толағай» ересек топ тәрбиеленушілер II-орынды иеленді. 2022 жылы балалар жылы аясында ұйымдастырылған «Тіл болашағы-балабақшада» атты аудандық байқауында «Толағай» тобы III-дәрежелі дипломмен марапатталды. 2023 жылы Мектепке дейінгі білім беру мекемелері арасында өткен «Тіл болашағы-балабақшада» атты аудандық байқауында «Толағай» тобы жүлделі I-орынды иеленді.

ШЕШІМ:

1. «Педагог-модератор» біліктілік санатына үміткер музыка жетекшісі Жеткерген Сымбат Әділбекқызының қызмет талдауларының жинақтары талапқа сай деп есептелсін;
2. С.Жеткергеннің өтініші берген біліктілік санатына сәйкес келеді деген қорытынды шығарылсын;

Комиссия төрағасы:

Хатшы:

Б.Бердібаева

Ж.Адилова

